

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Педагогика кафедрасы**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ
ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КеАҚ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ
АЛДЫН АЛУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА В
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. - ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

Асылбекова М.П. - педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;

Атемова К.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Сейітқазы П.Б. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Албытова Н.П. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

Шолпанкулова Г.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Жубакова С.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жукенова Г.Б. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Махадиева А.К. - философия докторы (PhD), доцент м.а.

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. - председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;

Асылбекова М.П. - заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;

Атемова К.Т. - доктор педагогических наук, профессор;

Сейітқазы П.Б. - доктор педагогических наук, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - доктор педагогических наук, профессор;

Албытова Н.П. – кандидат педагогических наук, профессор;

Сламбекова Т.С. - кандидат педагогических наук, профессор;

Шолпанкулова Г.К. - кандидат педагогических наук, профессор;

Жубакова С.С. - кандидат педагогических наук, доцент;

Жукенова Г.Б. - кандидат педагогических наук, доцент;

Махадиева А.К. - доктор философии (PhD), и.о. доцента.

УДК 378.1
ББК 74.00
Б. 94

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» атты ғылыми семинар BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында ұйымдастырылған.

Б.94 «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе». Халықаралық ғылыми семинар жинағы (Астана қ., 20 сәуір). 2023. 223– бет

ISBN 978-601-337-842-8

Жинаққа білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу мәселелері бойынша баяндамалар енгізілген.

УДК 378.1
ББК 74.00

ISBN 978-601-337-842-8

© **Формула печати, 2023**

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ВИКТИМДІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖҮРГІЗЕТІН ЖҰМЫСЫ

THE WORK OF A SOCIAL EDUCATOR WITH ADOLESCENTS WITH VICTIMIZED BEHAVIOR

Мурзагулова М.Д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
А.Г. Шынболат., әл-Фараби атындғы Қазақ Ұлттық университетінің 4 курс студенті, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Murzagulova M. D., doctoral student of L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
A. G. Shynbolat. 4th year student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

Аңдатпа. Мақалада жасөспірімдердің виктимді, девиантты мінез-құлық көріністері мен виктимизация, буллинг құбылыстарының пайда болу себептерімен байланысы қарастырылады. Жасөспірім кезеңдегі ересек өмірге бейімделуі мен бейімделе алмауы арасындағы болатын қиыншылықтан «жәбірленушіге» айналу қаупінің басымдылығы баяндалады. Әлеуметтік тәрбие институттарында әлеуметтік педагогтың жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу жұмыстары қарастырылады.

Annotation. The article examines the relationship of adolescents with the causes of victimization, deviant behavioral manifestations and phenomena of victimization, bullying. From the difficulties arising between adaptation and inability to adapt to adulthood in adolescence, the priority of the risk of becoming a "victim" is revealed. The institutes of social education consider the work of a social teacher on the prevention of bullying among adolescents.

Кілт сөздер: «виктимді мінез-құлық», «виктимизация», «буллинг».

Keywords: «victimized behavior», «victimization», «bullying».

Қазіргі кезде өмірдің күрделенуі (жаһандану, инновациялық процесстер, цифрландыру т.б.) жағымды, жағымсыз жаңа мәселелерді туындатуда. Сонымен қатар жаңа ұғымдар туындап немесе процесстер ауқымдануда. Қоғамда басты мәселелерді қамтитын «қиын бала», «девиантты бала», «суицидке бейім бала», «қауіпті нәрседен сақтану», «терроризм», «зорлық-зомбылық» «буллинг» деген ұғымдарды тұтастай біріктіріп қарастыратын саланы виктимологияға жатқызамыз.

Жасөспірімдердің виктимдік, девиантты мінез-құлық және буллингтік мәселелері әлеуметтік- педагогикалық мәселелердің ішінде алғашқылар қатарында. Құрбандық және девиантты ауытқулардың ауқымы жасөспірімдер арасындағы буллингтің күннен күнге өршуінен көрініс табуда. Мәселенің шешімін табу, қоғамды ізгілендіру, салауатты өмір салтына дағдыландыру, белсенді шығармашыл және әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастырумен

бағытталмақ. Бұл өз кезегінде девиантологиялық, виктимологиялық алдын алу жұмыстарының қажеттілігінің артуымен анықталады[1].

Виктимді мінез-құлық пен буллинг ұғымдарының арасындағы байланысты сараламас бұрын, анықтамасына талдау жасап көрелік.

«Виктимділік» тұлғаның жәбірленушілікке бейімділігінің басымдығы, яғни мінез-құлқының зардап шегуге не құрбандыққа икемдігі. Ғалым І.Халитова : «Виктимділік – адамның құрбан болуға дайын тұруы немесе соған шалдығуға жақындығы» деп анықтама берді. [2] Д.В. Ривман «виктимділікті - адамның қылмыс құрбанына айналуының объективті мүмкіндігі », - деді. [3] Себебі адам пайда болғаннан бері өзі өмір сүрген қоғамда әртүрлі себептермен құрбандыққа шалынып отырған, яғни қылмыстық әрекет барлық уақытта болған, бола береді де. Демек адам өзінің белгілі даму барысында буллинг процесінің құрбанына айналып отырған. Ал буллинг дегеніміз (Bullying – аудармасы «қорқыту», «кемсіту», «мұқату») - бір адамның (немесе топ) басқа адамға қатысты ұзақ, қайталанатын зорлық-зомбылығы, яғни бір адамның (немесе топ) басқа, физикалық және моральдық жағынан әлсіз адамға (немесе адамдар тобына) физикалық шабуылы не қорқыту кезіндегі зорлық-зомбылық түрі. Бұл құбылысты алғашқы зерттеушілердің бірі – Ден Олвеус «буллинг (қорқыту) – бұл әдейі жүйелі түрде қайталанатын агрессивті мінез-құлық, яғни мұнда әлеуметтік не физикалық күштер теңсіздігі орын алады»-деді[4]. Буллингке қатысушыларды іс-әрекетіне қарай:

1. Булли, булли көмекшісі.
2. Құрбан(жәбірленуші)
3. Құрбанды қорғаушылар.
4. Бақылаушылар - деп бөліп көрсетеді.

Жасөспірімдік кезең биологиялық, әлеуметтік тұрғыдан алғанда өтпелі кезең екені анық. Яғни, биологиялық тұрғыда: жыныстық жетілу; дене мүшелерінің жетілуі. Әлеуметтік тұрғыдан: бастапқы әлеуметтену процесінің жалғасы. Мұнда, кәмелетке толмағандардың виктимдік мінез-құлыққа бейімділіктерінің күшеюі олардың психофизикалық қасиеттерімен ғана емес, сондай-ақ олардың әлеуметтік рөлдерімен, әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орнымен, отбасындағы алатын орнымен де анықталады.

Жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлыққа бейімділіктерінің күшеюінің маңызды аспектісіне: олардың психикасына, компьютерге, теледидарға (мұнда алкоголь, темекі, арықтататын өнімдерді жарнамалау және т.б.), олардың жеке басының қоғамға қарсы көзқарасын қалыптастыратын құрдастар топтарына ересектердің, кері әсері бар екенін айта кету керек. Осы аталған жағымсыз әсерлердің нәтижесі көп жағдайда жасөспірімдерді қоғамға жат әрекеттерге итермелейді, яғни бірі булли тұрғысынан, енді бірі жәбірленуші(құрбан) рөліне енуі ықтимал. Буллингтің дамуына көп жағдайда отбасындағы тәрбие, білім беретін мекеме және әлеуметтік орта ықпал етеді. Әлеуметтік-мәдени контекст қорқытудың пайда болуына айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, қазіргі кездегі кейбір отбасының діни ағымдарды ұстанып, қыз балаларға хиджапты күнделікті тұрмыста кигізіп қоюы. Осындай жасөспірім қыздар өз қатарларынан буллингтік қысымға жиі ұшырайды. Себебі, балалардың оларды келемеждеп мазақтауы моральдық буллингтің жанама

түріне ие. Бұл олардың өздеріне деген сенімінің жоғалып, болашаққа деген мақсаттарына күмәнмен қарауға әкеледі.

Мектептегі буллинг мәселесі өте өзекті, яғни агрессивті, девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер виктимді мінезді(әлсіз , қарапайым және ұялшақ) балаларға қысым жасап, өздерінің басымдылығын айқындайды. Қорқытудың көрінісінде гендерлік айырмашылықтар бар. Ұлдар қыздарға қарағанда буллинг жағдайына жиі түседі. Әсіресе, ұлдарға физикалық агрессияны көбірек қолданылады. Дегенмен, мектептегі жасөспірімдер арасындағы буллинг жағдайының әртүрлі себептеріне тән өз ерекшеліктері бар. Соңғы кездері мектептердегі агрессивті мінез-құлық мәселесі үнемі көтеріліп, бұқаралық ақпарат құралдарында талқылануда. Мектепте виктимді мінез-құлықты жасөспірімдер буллинг, яғни агрессивті баланың қысымына ілінеді. Буллинг классификациясын Олвеус: әлеуметтік буллинг; физикалық буллинг; жанама буллинг; нәсілшіл (этникалық) буллинг; жыныстық буллинг деп жіктеген болатын. Алайда соңғы кезде тағы бір - интернеттегі қорлауды білдіретін кибербуллинг түрі қосылып отыр. Зерттеушілер буллинг түрлерін жіктеудің төмендегі үш критерийін көрсетеді (кесте-1):

Түрлері	Критерийлері	Жәбірленуші
Зорлық-зомбылық объектісінің сипаттамасы	жынысы, жасы, ұлты, әлеуметтік мәртебесі	жасөспірімдердің қорлауы, әйелдердің қорлауы және т. б.
Әлеуметтік орта	мектептегі, отбасындағы, жұмыс орнындағы, интернеттегі қорқыту (кибербуллинг);	жасөспірімдер, жас балалар
Зорлық-зомбылық сипаты	физикалық, ауызша және әлеуметтік қорлау	жасөспірімдер, жас балалар

Кесте-1. Буллингтің критерийлер арқылы жіктелуі

Американдық әлеуметтанушылар Роберт Фэрис (Калифорния университеті, Дэвис қаласы) және Диана Фелмли (Пенсильвания университеті, Парк университеті) мектептегі буллингтің екі түрін бөліп көрсетті: физикалық және физикалық емес. Физикалыққа әртүрлі денеге жарақаттардың түсуімен сипатталады, оларға тебу мен соққыдан бастап, дене жарақаттарын жатқызамыз. Физикалық емес буллинг ауызша қудалауда немесе жанама агрессияның көріністерінде көрінеді (өсек, қауесет, келемеждеу, құғындау). Мектептегі буллингтің түрлерін 2-кестеге көрсетеміз.

Буллинг жіктелуі	Түрлері
Белсенділік дәрежесіне қарай	агрессивті
	пассивті
Ықтимал салдары бойынша	компенсаторлық
	виктимдік
Уақыт бойынша	жағдайлық

	тұрақты
Таралу аймағы бойынша	аудиториялық
	ақпараттық
	кибербуллинг
	бос уақыттық
Әлеуметтік жағдайына қарай	аз қамтылған отбасылардың балаларына
	мүгедек балаларға
	дарынды балалар
	жаңадан келгендерге бағытталған

Кесте-2. Мектептегі буллинг түрлері

Жасөспірім шақ – жеке басының дағдарысымен бірге жүретін жеке дамудың орталық кезеңдерінің бірі, оның аясында кәсіби және жеке өзін-өзі анықтау жүзеге асырылады. Осы жастағы ұлдар мен қыздар арасындағы жетекші қарым-қатынас олардың өмірге және жағдаяттарға деген көзқарастарын дамытады, өзін-өзі психоәлеуметтік тұрғыдан анықтап және түпкілікті өмірлік ұстанымын қалыптастырады. Сондықтан бұл үлкен мәселені іске асыру барысында жасөспірімдер арасындағы буллинг, виктимизация құбылыстарына орын алдырмау жұмыстарын барынша қадағалаған дұрыс. Қорытындылай келе, жасөспірімдер арасында туындайтын қарым-қатынасқа қатысты проблемалық жағдаяттар, оның ішіндегі буллинг мәселесі арнайы жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Осы арқылы буллингтік әрекеттердің алдын алу іс-шараларын тиімді жоспарлай білу – әрбір әлеуметтік-педагогтың кәсіби міндеті деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Карманова Ж.А., Баженова Р.Б., Манашова Г.Н. Профилактика девиантного и виктимного поведения подростков как социально-педагогическая проблема//Международный журнал экспериментального образования. – 2014. – № 5-1. – С. 63-65.
2. Халитова І. Әлеуметтік педагогика. Оқу құралы.-Алматы: «Білім» баспасы, 2007-200 бет.
3. Ривман Д.В. Криминальная виктимология: учебное пособие. – СПб.: – ПИТЕР, 2002. – 304 с.
4. Бочавер А.А., Хломов К.Д. Буллинг как объект исследований и культурный феномен // Психология. Журнал Высшей школы экономики. – 2013. – Т. 10. – № 3. – С. 149–159.